

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

Kozybayev M. Makala «fakt – argument istorii» [Fact is the argument of history], «Kazachstanskaya pravda» gazetі. 1-2 m. 1990. 12 kantar. 6 b. [In Kazakh]

Karishal Asan Ata «Shynzhyrda otken Zholbarys...» ["The Tiger in Chains ..."] A.: «Ush giyan», 408 b. 2004. [In Kazakh]

Duisen S., Ensenov G. Zhūmabek Tashenov [Tashenev Zhumabek]. Almaty. «Litera–M» 2012, 138-b.

Duisen S. «Siz bisge garsy emessuz, siz oz kuiunisdi kuitteisiz» Aty anysğa ainalған tulğa. URL: <http://www.namys.kz>. (garalған kuni: 05.04.2022). [In Kazakh]

Duisen Seitgali zhane Ensenovtyn Ganat «Ulu Dala tulğalary» ["Persons of the Great Steppe"] seriyasy boiynzha zharyk korgen «Zhūmabek Tashenov» atty ğylymi zertteu enbekteri. «Eltanym» baspasy. 2015 zh. 160 b. [In Kazakh]

Duisen Seitgali zhane Ensenov Ganat. «Zhūmabek Tashenov» [Tashenev Zhumabek]. Almaty: «Eltanym» baspasy. 2015. 158 b.

Kunaev D.A. "Akikattan attauğa bolmaidy" [The truth cannot be ignored]. Estelik-esse. A.: "Sanat". 1994, 235 b. [In Kazakh]

Tokaev G.-Zh. K. 2022 jylgy16 nauryzdagy Kazakstan halkyna arnağan «Jana Kazakstan: zhanaru men zhangyru joly» atty zholdauy.[Address of Kassym-Jomart Kemelovich to the people of Kazakhstan dated March 16, 2022 "New Kazakhstan: the way of renewal and modernization"] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (garalған kuni: 04.04.2022). [In Kazakh]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_144

**1964-1985 жж. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ:
КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША**

Сактаганова З.Г.¹, Ыбырайхан М.Ы.^{2*}

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: zauresh63@mail.ru (Сактаганова), marat_19.93@inbox.ru (Ыбырайхан)

Түйіндеме. Бұл мақалада Орталық Қазақстанның тоқырау кезеңіндегі ауыл шаруашылығындағы еңбек барысындағы күнделікті өмірі зерттелген. 1964-1985 жж. қазақстандық аграрлық сектордағы еңбек ресурстары: ауыл шаруашылығы жұмыскерлері мен білікті мамандардың жетіспеушілігі проблемаларына талдау жүргізілді. Зерттеу аймақта тұратын ауыл тұрғындары арасында автор жүргізген ауызша интервью материалдары мен мұрағаттық құжаттардың негізінде жүзеге асырылды. Ауылдық жерлерден жастардың кетуі кеңес заманында басталып, сақталып, тіпті кеңейіп, ел тәуелсіздік алған кезде қоғам дамуына әсер еткен негізгі проблемалардың біріне айналды. Еңбек ресурстарын жастармен қамтамасыз етудегі қиындықтардың бастауы 60-80 жылдардағы кеңестік кезеңнен бастау алады деп есептей отырып, басты міндет-осы проблемалардың себеп-салдарлық байланыстарын, реформалардың аграрлық саладағы еңбекпен қамтамасыз етілуге әсерін, нәтижелері мен салдарын анықтау. Авторлардың пікірінше, ауыл шаруашылығындағы төмен деңгейдегі интенсификация мен еңбек жағдайлары (механизацияның болмауы/төмен деңгейі, материалдық қызығушылықтың болмауы, кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерінің төмендігі және т.б.) жастардың кетуіне, соның салдарынан мамандар мен қызметкерлердің жетіспеуіне әкелді. Зерттелген кезеңде ауылдық жерлердегі халықтың демографиялық өсуі жоғары болғанына қарамастан, саладағы кемшіліктерге байланысты мамандар мен жұмысшылардың тапшылығы әрдайым өзекті және шешілмеген мәселе болып қала берді.

Кілт сөздер. Күнделікті өмір, Орталық Қазақстан, еңбеккер, ауыл шаруашылығы, шопан, механизатор, сауыншы

МРНТИ 03.20.00

**ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ РАБОЧИХ В ЦЕНТРАЛЬНОМ
КАЗАХСТАНЕ В 1964-1985 ГГ.: ПО МАТЕРИАЛАМ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
КОМСОМОЛЬСКИХ МОЛОДЕЖНЫХ БРИГАД****Сактаганова З.Г.¹, Ыбырайхан М.Ы.^{2*}**^{1,2}Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганды, Казахстан

*Автор корреспондент

E-mail: zauresh63@mail.ru (Сактаганова), marat_19.93@inbox.ru (Ыбырайхан)

Аннотация. В данной статье исследована сельская трудовая повседневность Центрального Казахстана в период застоя. Проведен анализ проблемы трудовых ресурсов и нехватки сельских работников и квалифицированных специалистов в казахстанском аграрном секторе в 1964-1985 годах. Исследование осуществлено на основе архивных документов и материалов устного интервьюирования, проведенного автором среди сельского населения, проживавшего в регионе в исследуемый период. Отток молодежи из сельских местностей начался в советское время, сохранился и даже расширилась, став основной тенденцией, когда страна обрела независимость. Считая, что истоки трудностей в обеспечении молодежными трудовыми ресурсами исходят из советского времени 60-х - 80-х годов, главной задачей является выявление причинно-следственных связей этих проблем, определение влияния, результатов и последствий реформ на трудоустроенность в аграрной отрасли. По мнению авторов низкий уровень интенсификации и условий труда в сельском хозяйстве (отсутствие/низкий уровень механизации, отсутствие материальной заинтересованности, возможности профессионального и карьерного роста и др.) привели к оттоку молодежи и, как следствие, нехватке специалистов и работников. Хотя демографический рост населения в сельской местности был высоким в изучаемый период, дефицит специалистов и работников из-за недостатков в отрасли всегда оставался актуальной и нерешенной проблемой.

Ключевые слова. Повседневная жизнь, Центральный Казахстан, труженик, сельское хозяйство, чабан, механизатор, доярка.

IRSTI 03.20.00

**DAILY LIFE OF AGRICULTURAL WORKERS IN CENTRAL KAZAKHSTAN IN 1964-1985:
BASED ON THE MATERIALS OF LABOR ACTIVITY OF KOMSOMOL YOUTH BRIGADES****Saktaганova Z.G.¹, Ybyraikhan M.Y.^{2*}**^{1,2}Karaganda University named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

*Author correspondent

E-mail: zauresh63@mail.ru (Saktaганova), marat_19.93@inbox.ru (Ybyraikhan)

Abstract. This article examines the rural daily life of Central Kazakhstan during the period of stagnation. The analysis of the problem of labor resources and the shortage of rural workers and qualified specialists in the Kazakh agricultural sector in 1964-1985 was carried out. The study was carried out on the basis of archival documents and materials of an oral interview conducted by the author among the rural population living in the region during the study period. The outflow of young people from rural areas began in Soviet times, has been preserved and even expanded, becoming the main trend when the country gained independence. Considering that the origins of difficulties in providing youth labor resources come from the Soviet era of the 60s - 80s, the main task is to identify the cause-and-effect relationships of these problems, to determine the impact, results and consequences of reforms on job security in the agricultural sector. According to the authors, the low level of intensification and working conditions in agriculture (lack/low level of mechanization, lack of material interest, opportunities for professional and career growth, etc.) led to an outflow of young people and, as a consequence, a shortage of specialists and workers. Although the demographic growth of the population in rural areas was high during the study period, the shortage of specialists and workers due to shortcomings in the industry has always remained an urgent and unresolved problem.

Key words: Daily life, Central Kazakhstan, worker, agriculture, shepherd, mechanic, milkmaid.

Кіріспе. Ауыл шаруашылығы адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық сала. Саланың кеңестік кезеңдегі жетістіктері мен кемшіліктері туралы тарих ғылымында, оның ішінде агроторихшылардың еңбектерінде қарастырылған. Алайда тарих, оның ішінде күнделікті өмір тарихы аясында сала еңбеккерлерін әлеуметтік ортадағы жеке адам ретінде қарастыру кенжелеп қалған. Еңбеккерлердің, әсіресе саланың қуатты күші ретінде пайдаланылған жастардың күнделікті өмірі мен еңбек ресурстары бойынша кеңестік саясат мәселелеріне тарихшылар, жалпы гуманитарлық ғылымдар саласы толыққанды көңіл бөлді деп айта алмаймыз. Бұл мәселелер негізінен ауыл шаруашылығы мен экономика саласы мамандарының назарында болды. Жоғарыда атағандардан бөлек, жастардың саладағы орны туралы мәселе қозғау, кеңестік кездегі ауыл шаруашылығындағы кемшіліктер, ауылдағы демография жағдайы, білім беру және т.б. әлеуметтік-тұрмыстық мәселелермен қатар, ұрпақтар сабақтастығы, тәрбие және отбасы құндылықтары секілді ауқымды тақырыптарды қарастыруға жол ашумен өзекті. Күнделікті өмір тарихының аясын кеңістік пен уақыт анықтайды. Уақыт 1964-1985 жж., кеңестік Орталық Қазақстан. Зерттеудің объектісі ауыл еңбеккерлері мен жастары болса, пән еңбек жағдайы болмақ. Мақсат – жастарды ауыл шаруашылығы саласында еңбек етуге мәжбүрлеу және баулу мәселелерін анықтау.

Методология және материалдар. Мақаланың методологиялық негізіне тарихилық және жүйелілік принципі алынып, кеңестік кезеңдегі Орталық Қазақстан ауылдық аймақтары кеңістігінде күнделікті өмірдегі еңбек жағдайы бойынша тұрақтылық пен өзгерістер жүйелі түрде қарастырылды. Жалпы ғылыми әдістер арасынан индукция және дедукция, анализ бен синтез алынды. Жеке мысалдар арқылы кеңестік қоғамдағы мәселелерді анықтауға индукция әдісі, қоғамдағы үрдістерді жіктеп сараптауға дедукция әдісі қолданылды.

Мақалада тарихи-салыстырмалы әдіс жиналған ауызша интервьюлерді талдап, Орталық Қазақстан аудандары арасындағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлері жағдайындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетуге септігін тигізді. Зерттеуде интервью материалдары тарихи антропологияның толыққанды және қанық сипаттау әдісі арқылы қолданылды. Арнайы тарихи әдістер арасынан жалпы мұрағат құжаттары мен интервью материалдарын және жекелеген дереккөзі ішіндегі ақпаратты бір-бірімен салыстырып пайымдау үшін компаративистика әдісі қажет болды. Әртүрлі мәдениеттердегі және уақыттардағы мәселеге байланысты мәліметтерді салыстыра отырып, жағдайдың мәнін ашып көрсетуге кросс-мәдени әдіс пайдаланылды. Тарихи-генетикалық әдіс мәселенің шығу төркінінен бастап уақыт бойындағы өзгерісін бағалауға мүмкіндік берді. Рестроспективті әдіс арқылы интервью материалдарын қолдана отырып, өткен шақтың уақиғаларын біртіндеп, дәйекті түрде, толықтай ситуациялық және психологиялық-эмоционалдық тұрғыда сезіне отырып, себеп-салдарлық байланысты анықтауға тырыстық.

Ізденіс жұмысында сапалық методологияға басымдық беріле отырып, сандық методология да қолданылды. Сапалық методология интервью материалдарына, ал сандық методология архивтік құжаттарға қатысты пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысында архивтік құжаттардан Ресей Мемлекеттік Экономика архиві 7486 қоры (КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігі), Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің 591 қоры («Сельская жизнь» газетінің редакциясы), Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің 5465 қоры (Медициналық қызметкерлер кәсіподағының Орталық комиссиясы), Қазақстан Республикасы Президенті архивіндегі 708 қор (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті) материалдары қолданылды.

Мақалада негізінен 2021-2022 жж. ақпан айлары аралығында Орталық Қазақстанның барлық аудандары бойынша ауызша интервью әдісімен жиналған материалдар пайдаланылды. Зерттеу жұмысының мазмұнында респонденттер арасынан ауыл шаруашылығы мамандарының ауызша интервьюлері негізгі ойды беретін басым материалды құрады. Интервью берген респонденттер саны ер мен әйел қатынасы тең 108 адамды, әртүрлі ұлт және мамандық өкілдерін, 1930-1960 жж. аралығында дүниеге келгендерден тұрады. Ауызша интервью материалдарын жинау әдістемесінде Т.К. Щеглова еңбектері негізге алынып, тереңдетілген интервью әдісі қолданылды (Щеглова, 2008:526). Мақалаға дереккөз ретінде жиналған интервью материалдарын ғылыми мақсатта пайдалану, респондент ойын жинақы әрі түсінікті түрде жеткізу қажеттілігі негізгі ойды сақтай отырып респондент сөзіне стилистикалық өзгерістер енгізуді талап етті. Респонденттер жауабының мазмұны және олардың мақалада ғылым қажеттілігіне қолданылуы жеке адамдардың теріс жақтарын көрсетуге бағытталмаған.

Талқылау. Күнделікті өмір аясындағы, оның ішінде ауылдық аймақтардағы еңбек жағдайы мәселелері тарихнамасын келесі топтарға бөліп қарастырамыз: 1) шетелдік, сонымен қатар ресейлік; 2) кеңестік, сонымен қатар Қазақ КСР кезеңіндегі еңбектер; 3) Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі еңбектер.

Шетелдік тарихнамадағы Ф. Бродель, Э. Ле Руа Ладюри, Ф. Арьес пен Ж. Дюби және т.б. авторлардың күнделікті өмір аспектілері зерттелген іргелі еңбектерінде еңбек жағдайы, ауылдық аймақтағы еңбек пен тұрмыс мәселелері қарастырылады (Бродель, 1986:622, Ле Руа Ладюри, 2001:541, Арьес, 2017:676). Шетелдік тарихнаманың бір бөлшегі ретіндегі 1991 ж. бергі ресейлік тарихнамада

тақырыпқа қатысты зерттеулердің бірқатары кездеседі. Мазмұны мен көлемі жағынан ауқымды монографиялар ретіндегі О.Р. Хасянов, С.Д. Багдасарян, В.Б. Безгинның зерттеулерінде ауылдық аймақтардағы күнделікті өмірдегі еңбек мәселелері қамтылады (Хасянов, 2018:358, Багдасарян, 2015:312, Безгин, 2004:304). Кеңестік тарихнамада ауылдық күнделікті өмір аясындағы еңбек жағдайы негізінен ауыл шаруашылығы мамандарының зерттеулерінде оң бағытта сипатталады. Одақтық деңгейдегі жұмыстардың арасынан Г.Г. Котовтың монографиясы мен Л.П. Кучкинаның диссертациясын атап өтуге болады (Котов, 1979:255, Кучкин, 1974:177). Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихнамасынан тақырыпқа қатысты маңызды зерттеулер ретінде В.А. Абдуллин мен С.С. Еспаевтың жұмыстарында жастардың еңбекке, ауыл шаруашылығына, оның ішінде қой шаруашылығына тартылуы және олардың жағдайы толыққанды талданады (Абдуллин, 1980:125, Еспаев, 1987:125). Тәуелсіз Қазақстандағы Отандық тарихнамада ауыл шаруашылығындағы кемшіліктер мәселесіне өз зерттеулерінде арнайы көңіл бөліп жүрген зерттеушілер З.Г. Сактаганова мен Ж.Б. Абылхожинның еңбектерінің талдауы мен сараптауы жоғары деңгейде (Saktaganova, 2020:1183, Абылхожин, 2019:468).

Нәтижелер. Ауылдық күнделікті өмірдегі еңбек жағдайы тікелей ауыл шаруашылық мамандануы, сәйкесінше табиғи-климаттық жағдай, жер бедері және ұлттық ортаға сәйкес келеді. Орталық Қазақстан бойынша ішкі ерекшеліктерді анықтау үшін ұлттық құрам, шаруашылық мамандануы мен табиғи жағдайларға сәйкес әкімшілік бөлініске де мән беру керек.

Ұлттық құрамы, табиғат пен жер жағдайы және шаруашылық мамандануы бойынша Орталық Қазақстан аумағын, сәйкесінше интервью материалдары алынған респонденттерді келесі категорияларға бөлдік:

1 категория. Қазақтардың саны басым, негізінен етті, одан кейін сүтті мал шаруашылығы бағытында: бірінші кезекте қой, одан кейін сиыр мен жылқы ұстайтын және егін өсіретін аудандар: Қарқаралы, Талды, Егіндібұлақ, Шет, Ағадыр, Ақтоғай, Приозерный, Жезді, Ұлытау;

2 категория. Қазақтар саны басым, негізінен етті, одан кейін сүтті мал шаруашылығы бағытында: қой, сиыр, жылқыны бірдей ұстайтын, егін өсіретін, бау-бақша және құс өсіру шаруашылығы да дамыған аудан: Жаңаарқа;

3 категория. Қазақтар саны өзге ұлттармен деңгейлес, негізінен егін шаруашылығына басымдық берген, етті-сүтті мал шаруашылығы дамыған, алдымен сиыр, сосын қой мен жылқы ұсталған, сонымен қатар бау-бақша өсіріліп, шошқа ұсталған аудан: Нұра;

4 категория. Қазақтар саны өзге ұлттармен деңгейлес, мал шаруашылығы, егін мен бау-бақша өсіру жүргізілген, басқа аудандарға қарағанда құс өсіру шаруашылығы жоғары дамыған, шошқа ұсталған аудан: Ульянов;

5 категория. Қазақтар саны өзге ұлт өкілдерінен аз, егін шаруашылығына басымдық берген, одан кейін мал шаруашылығы, негізінен сүтті-етті бағытта сиыр өсіру дамыған, бау-бақша өсіру мен шошқа ұстау да қатар жүргізілген аудандар: Осакаров, Молодежный, Мичурин;

6 категория. Қазақтар саны өзге ұлт өкілдерінен аз, егін шаруашылығы, бау-бақша өсіру, мал шаруашылығы, негізінен сүтті-етті бағытта сиыр өсіру дамыған, құс пен шошқа ұстау жүргізілген аудан: Тельман.

Мақалада Орталық Қазақстандағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің күнделікті өмір жағдайларын негізінен 1-4 категориялар бойынша қарастырамыз. Әрине, барлық категорияларда тақырыпқа қатысты кемшіліктер мен жетістіктер бар және ауыл шаруашылығының барлық бағыттарында комсомол-жастар бригадалары жұмыс жасаған. Бірақ, ауыл шаруашылығындағы мамандардың жетіспеуіне байланысты комсомол-жастар бригадасын құрып, жастарды салада, әсіресе қой шаруашылығында жұмыс жасауға алып қалуға талпыныс 1-4 категориялар аумағында белсенді түрде жүргізілген еді. Өзге аудандарда ауыл шаруашылығындағы ауыр бағыттардың бірі мал шаруашылығына жастарды тарту ісінде қиындықтар туындамады.

Мәселеге байланысты негізгі себеп-салдарлық байланыста бірізділік байқалады:

- өндірістік қалалардың азық-түлік белдеуін құраған және ауыл шаруашылық мамандануы егіншілікке бейім аудандар стратегиялық маңыздылығы бойынша басымдыққа ие болды;

- бұл аудандарда шаруашылықты техникалық қамтамасыз ету және интенсификация анағұрлым жоғары деңгейде тұрды;

- стратегиялық маңызды аумақ және орналасуы ірі қалаларға жақын болғандықтан денсаулық сақтау, баспанамен қамтамасыз ету, сауда, қызмет көрсету және т.б. әлеуметтік-тұрмыстық маңызды салалардың дамуына зор мән берілді;

- адамға қажетті өмір жағдайлары қамтамасыз етілгендіктен демографиялық өсім жоғары және жастардың қалаға кету деңгейі төмен еді.

Француз тарихшысы Ф. Бродель пікірінше адамзат тарихының 80-90% ауылдық аймақтағы уақиғалар құрайды және қалалық өмір мен нарықтық экономика нақты қай уақыттан басталатынын анықтау қиын (Бродель, 1986:38). Сондықтан ауылдық күнделікті өмір тарихы және оның басты құраушы

элементі ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайы тарихшылар ғана емес, басқа да салалардың басты назарында болуы тиіс. Ерте уақыттардан бастап мал шаруашылығы, әсіресе қой шаруашылығымен айналысатындардың қай қоғамда және уақытта да өмір сүретін баспанасының жайлылығы төмен деңгейде болып, саланың тартымдылығын төмендетіп түскен (Ле Руа Ладжори, 2001:125).

Кенестік Қазақстанда қой шаруашылығын дамыту және қой санын арттыру, шөл және шөлейт аймақтарды игеру және жаңа совхоздар құруға көңіл бөлінгенімен, бұл бағыттағы шешімдерді жүзеге асыруда бірқатар қиындықтар орын алып, олар аталмыш кезең соңына дейін толық өз шешімін таппады. Бұл мәселелер жайлы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігі қой совхоздарының бас зоотехнигі В. Пласкеев 1965 ж. «Сельская жизнь» газетінің редакциясына жазған хаттан байқаймыз. Хат авторының сөзінше партия және үкіметтің қой шаруашылығын дамыту үшін шөл және шөлейт аймақтарда 165 миллион гектар жерді игеру жайлы қаулысы жүзеге асып жатты. Республикада жаңадан 89 қой совхозы құрылған. Бірақ, қой совхоздарында үлкен көмекке мұқтаждық байқалды. Тұрғын үй құрылысының деңгейі халықтың сұранысын қанағаттандырмай, бұл жағдай жаңа совхоздардың көпшілігінде қаржының және құрылыс материалдарының жетіспеушілігінен орын алған. Барлық совхоздар теміржол стансаларынан 160 км және одан да алыс қашықтықта орналасқан, құрылыс материалдарының басым көпшілігін оларға құрылыс орындарына автотранспортпен жеткізуге мәжбүр, ал жеке жүк тасымалына арналған автокөлікпен совхоздар қамтамасыз етілмеген.

Нашар тұрмыстық жағдай, материалдық ынталандыру мен мәдени қызмет көрсетудің төмен деңгейінен совхоздар мал шаруашылығы фермаларын кадрлармен қамтамасыз етуде қиындықтарға ұрынды. Дәл осындай жағдайда үкімет қала құрылысына ысырапшылықпен аса көп көлемде миллиондаған қаржы және құрылыс материалдарын жұмсай берді. Сол қаржылар қала жағдайында шұғыл қажет емес, 4-5 жыл сол объектілерді салмай-ақ табысты іс жүргізуге болатын жағдайларда жұмсалды. Ал, жаңадан құрылған совхоздар өндірістік жабдықтау мен адамдарға тұрмыстық жағдай жасауда өте зор қиындықтарға кездесіп жүргенін көзбен көруге болатын еді (РМЭСТА, 169:162-163).

Ауылға қарағанда қалаға көңіл бөлу ерте замандардан және көпшілік қоғамдарда кездескен. Қалалық егіншілер мен қолөнершілердің ауылдық малшыларды мазақ етуі Батыс елдерінде орта ғасырларда кеңінен таралса, керісінше үрдіс ноғайлықтарда орын алғаны байқалады (Бродель, 1986:119).

Ерте уақыттардан бастап малшыларды қоғамның өз орны бар мүшелері ретінде көтермелеу, олардың талап-тілектерін орындауға ерекше мән беру кездеседі (Ле Руа Ладжори, 2001:145). 1971 ж. Семей облысы Шұбартау ауданы комсомолдарының бастамасынан кейін Қарағанды облысында 48 жұмыскерден тұратын 4 комсомол-жастардың қой бригадалары құрылып, осындай бригадалардың саны арта түсті. 1972 ж. олардың Қарағанды облысындағы саны 800 жұмыскерден тұратын 75 бригадаға, 1973 ж. 1290 жұмыскерден тұратын 137 бригадаға, 1976 ж. 3 мыңға жуық жігіттер мен қыздар еңбек еткен 250 бригадаға жетті.

Жалпы шопандардың тұрмысы жыл сайын жақсара түсті. Жас малшылар үшін типтік кешенді ғимараттар салынды. Малшыларға қызмет көрсету бойынша медициналық қызметкерлерге жоғары талаптар қойылды. ҚЖ бригадаларына медициналық қызмет көрсету аудандық және облыстық мамандандырылған мекемелер арқылы жоспарға сәйкес тікелей бригадаларға жасалатын іссапарлар арқылы жүзеге асты. ҚЖҚ бригадаларын құруға аса көп қаржы шығындалды. Ауыл шаруашылығы министрлігі бойынша жалақы көтерілді. Денсаулық сақтау министрлігіне бұл бағытта шалғай жайылымдағы малшыларға қызмет көрсететін медициналық жұмыскерлерге жеңілдіктерді бекітуге қол жеткізу керек еді. Бірақ, бұл талпыныс жүзеге аспады (РФМА, 4805:42-43).

Бригада мүшесі ретінде болған сол кездегі жастардың бірі: «Мектеп бітірген 5 бозбала Ағадыр совхозына барып бригада боламыз дедік. Бірақ, барлығы жеке себептермен кетіп қалды да, мен жалғыз қалып қойдым. Совхоз директоры: «жалғыз өзін болмай, отбасымен қыстақта тұрасыңдар, бірақ өзін комсомолшы есебінде боласың», - деді. Мен аға шопан, әкем көмекші қойшы есебінде болды. Бұрын сиыр кезегінен басқа мал бағып көрмеген едік. Біртіндеп үйрендік. 800-900 қой қарамағымда, жағдай жақсы еді. Ай сайын автолавка келетін. Барлық заттарды әкеліп тастайды. Жайлауға көшкенде құдығы бар жерге апарып, мотормен мал суардық. К-700-пен киіз үйді көшіріседі. Қой қыркуға совхоз орталығына кезекпен апаратынбыз. 2-3 күнде 1 отарды аяқтайды. Қи ойғанда көрші қыстақтар бір-біріне барып көмектесетін. Қиды қолмен ойып, арбаға салып тасып шығарып, қалап қойдық. Мен қыстақта жұмыс жасағаныммен комсомол жолдамасымен оқуға түскен жоқпын. Көрші совхозда 2 бригада болды: қойшылардың және механизаторлардың» (Корикбаев, 2021).

Ауыл шаруашылығы саласында бір отбасы, малшы мекені немесе елді-мекен, адам саны аз немесе көптігіне қарамастан тұтас экономикалық ұяшықты құрайды (Арьес, 2017:9). Сондықтан олардың қамтамасыз етілуі маңызды мәселе болып табылады. Комсомол жастар бригадасының қамтамасыз етілуі жоғары болғаны байқалады. Бірақ, жастарға берілген уәде бойынша олардың білім алуына жолдама берілуі әрдайым орындалмаған еді.

Комсомол-жастар бригадаларын құру ауыл шаруашылығы мамандарының жетіспеушілігін жою

үшін жасалған басты шаралардың бірі болды. Салада жастардың күшін пайдалану және болашақта оларды салаға алып қалу үшін бригада құрылып, арнайы жағдай жасалды және білім алуға жолдама беру қарастырылды. Сала жұмыскерлерінің жетіспеушілігі 1960 жж. басталғанын 1-кесте мәліметтерінен байқаймыз.

1-кесте. 1968 ж. КСРО ауыл шаруашылығы министрлігінің жұмыскерлер саны бойынша мәліметтері (РМЭА, 473:129-130)

	Қарағанды облысы			Қазақ КСР		
	қажет	Бар	жетіспеушілік	Қажет	Бар	жетіспеушілік
Шопан	5566	4227	1339	122554	107698	14856
Бақташы	5898	4354	1544	81904	69777	12127
Сауыншы	4202	3261	941	65459	59065	6394
Бұзау күтушісі	1117	799	318	17029	14552	2477

Демографиялық өсімге қарамастан маман жетіспеушілігі тоқтаған жоқ. Қазақ КСР ауыл шаруашылығы министрлігінің 1971 ж. маман кадрлармен жасаған жұмысы жөніндегі қорытынды есебі бойынша саладағы көптеген бағыттар бойынша маман жетіспеушілігін төменде берілетін кестелерден байқаймыз. Техниканың дамуына және санының көбеюіне қарамастан механизаторлар жетіспеушілігі орын алды.

2-кесте. 1971 ж. Қазақ КСР механизаторлар бойынша жалпы мәліметтер (РМЭА, 1673:385)

Облыс	Барлық еңбекке қабілетті халық	Олардың ішінде шаруашылықта жұмыс жасайтын	1.1.1971 ж. бар механизаторлар саны	Олардың ішінде әйелдер
Қарағанды	93552	60825	10549	117
Қостанай (жоғары көрсеткіш)	173467	126231	26922	118
Целиноград (төмен көрсеткіш)	113648	86013	16025	101
Жалпы республика	1748647	1325361	207760	2029

Егін орағын уақытында аяқтау үшін қажет комбайншы жетіспеушілігі науқанның басты қиындығы еді.

3-кесте. 1971 ж. Қазақ КСР комбайншылар бойынша мәліметтер (РМЭА, 1673:389)

	Жыл бойы кетіп қалған механизаторлар	Олардың ішінде комбайншы мамандығын иеленген	Кету себептері			
			Кеңес әскері құрамына шақыртылған	Денсаулығы және басқа да маңызды себептер бойынша	Берілген өтініш бойынша	Жұмыстан өз еркімен (бетімен) кеткен
Қарағанды	4615	833	966	1721	1465	463 (республика бойынша ең жоғары)
Қостанай (жоғары көрсеткіш)	6138	3103	1361	589	3754	434
Целиноград (төмен көрсеткіш)	5178	1919	977	528	3336	329
Жалпы республика	51924	17331	14946	9060	24486	3432

Механизатор жетіспеушілігінің орнын толтыру үшін қыздарды механизаторлардың комсомол-жастар бригадасының қатарына тарту 1970 жж. белсенді түрде жүргізілді.

1971 ж. мектеп бітірген оқушы ретінде тракторды тізгіндеген респондент: «Бізге 2 жыл аттестат

бермейміз деді. Қой бағуға қаласындар деген нұсқау болды. Аудандық парткомнан келіп осы мәселені айтып жиналыс ашты. Сол кезде мен сөз арасында қарсылық білдіргендіктен, аттестатымды бермеді. Малға бармаймын деп механизатор болып кеттім. Аттестатымды үздік механизатор ретінде партиялық мектепке жібергенде бірақ алдым» (Сағатова, 2021).

Мектеп бітірген оқушы қыздарды бригада қатарына алуда мәжбүрлеу шараларының қолданылғаны байқалады. 3-ші категория респонденті: «1976 ж. мектеп бітіргенде Нұра ауданы бойынша 76 қызды, біздің Нұра совхозы бойынша сыныптағы 12 қызды Қарқаралының СПТУ-на апарды. Бізді 3 автобусқа салып, милицияның қадағалауымен жеткізді. 9 ай оқып бітірген соң, Нұра совхозында 1 жыл трактор жүргізіп, механизатор болдым. Әкем тракторшы болды, атыма жеке трактор берді. 6 қыз комсомол жастар бригадасының құрамында жұмыс жасадық. Басқа совхоздарда да қыздар жұмыс жасады. Қыздардың көпшілігі ауылда қалып қойды. Мен кейін жолдамасыз Қарағанды медучилищесіне оқуға түсіп кеттім. Совхоз мектебінен бір сыныпта 26 бала бітірдік. 12 қыз СПТУ-ға кетті, басқа ұлдар мен қыздарды совхоздың Жұлдыз атты комсомол жастардың қой бригадасына ұйымдастырды. Кейін жастар оқуға түсті, қыздар тұрмысқа шықты және т.б. себептермен бұл бригада кейін тарап кетті. Бізде бұл тәсілмен бригадалар ұйымдастыру 1976-78 жж. ғана болды» (Толкенова, 2022).

Барлық уақыттарда ауыл шаруашылығындағы жұмыстар тек еркектің ісі деп есептелгенмен, еркек пен әйелдің саладағы еңбекке араласуы тең деңгейде болды және жұмыс бағыттары бір-бірімен біте қайнасып жатты (Ле Руа Ладжори, 2001:129). Бұл мәселе механизаторлармен қатар сауыншылар мәселесіне де қатысты еді.

4-кесте. 1971 ж. Қазақ КСР сауыншылар бойынша жалпы мәліметтер (РМЭА, 1673:414)

Облыс	Сауыншы					Сиырды механикалық сауудағы сауыншылар				
	Қажеттілік	Бар	Оның ішінде		Сауыншы ретінде жұмыс жасайтын әйелдер	Қажеттілік	Бар	Оның ішінде		Сауыншы ретінде жұмыс жасайтын әйелдер
			1 сан ат	2 сан ат				1 сан ат	2 сан ат	
Қарағанды	1649	1371	106	172	2	2387	2177	273	455	2012
Павлодар	4675 (жоғары көрсеткіш)	4267	434	857	90	2006	1808	168	370	111721
Қостанай	4039	3631	705	967	19	4668 (жоғары көрсеткіш)	4446	868	1110	4105
Жалпы республика	40014	36584	3275	6495	1256	23705	22389	2578	4694	21159

Сауыншы жұмысына оқушыларды тарту туралы 4-ші категория респонденті: «Мен 14 жастан бастап сауыншы болып жұмыс жасадым. Сауынды сиыр табынына бара жатқан көлік аударылып кетіп, бортындағы сауыншы әйелдер зардап шекті. Кісі өлімі болмады, бірақ барлығы жарақат алды. Сол кезде совхоз 7-8 сынып бітірген қыздардан жазғы демалыс уақытына сауыншылар бригадасын ұйымдастырды. Бұл менің алғашқы еңбек тәжірибем еді. Көпшілігі шыдамады. 3 ай бойы ауыр жұмысқа шыдап шықтым, себебі мектепке баруға киім және қажетті құралдарды алғым келді. 1 сауыншы күніне екі рет қолмен 17 сиыр сауды. Есейгенде де 1972-1975 жж. сауыншы болдым. 1 сауыншы күніне екі рет қолмен 30 сиыр сауатын. Шөп тасу және сиырдың астын тазалау қолмен атқарылды. Вагонетка тұратын, біз малдың көнін күрекпен салған соң, вагонетка сыртқа шығарылып, трактор тіркемесіне артылды» (Кривопалова, 2022).

Әртүрлі жағдайлармен мектеп жасындағы оқушыларды еңбекке тартумен қатар, мектеп бітірген жастардан мақсатты түрде жолдамамен сауыншылар бригадасын құру да белсенді жүргізілді. Сауыншылар бригадасында жолдамамен жұмыс жасаған респондент: «1966 ж. мектеп бітірген 13 қызды жаңадан салынған совхоз жатақханасына әкеліп орналастырды. Алғашқы 3 айда 70 сом жалақы берді. Бұл жақсы ақша еді ол кезде. Одан кейінгі уақытта еңбегімізге қарай төледі (сауылған сүт көлемі). Жазда таңертең 5.30 да жайлауға сиыр саууға кететінбіз. Сиыр саууда бізден бөлек жергілікті үлкен әйелдер

болды. Басында біз үйрену үшін оларға көмекші ретінде болдық. Қыста боранға да қарамай жүгіріп баратынбыз. Баз жатақханадан 1,5 шақырым жерде орналасты. Күні бойы сиыр сауамыз, астын тазалаймыз, туған сиырларды күтеміз. Кешке қайтарда өгіз шанамен қайтатынбыз. Бізге бастапқыда берген уәде бойынша бір жылдан кейін оқуға түсуге жолдама берілуі керек еді. Біз жолдама алып оқуға түсеміз дегенге қатты сендік. 13 қыздан тек 2 қыз жолдама алды» (Омарова, 2021).

Кенестік шаруашылық жүйесінде ауыл шаруашылығындағы «шаруа» толығымен мемлекетке бағынышты және тәуелді «ауыл шаруашылығы жұмыскеріне» айналды. Саладағы жұмыскерлер ең көп жетіспейтін бағыт қой шаруашылығы еді. Қой санын 50 миллионға жеткізу туралы дақпырт екпінімен жастарды салаға тарту қарқынды жүргізілді. Басқа да бағыттар бойынша жетіспеушілік байқалғанымен, бригада құру ісіне аса мән берілмеді.

5-кесте Қазақ КСР совхоздары мен колхоздары бойынша 1972 ж. 1 қаңтардағы ақпарат бойынша мал шаруашылығы мамандарының саны және оларға деген қажеттілік (РМЭА, 1673:410)

Облыс	Шопандар					Бақташы-малшылар				
	Қажеттілік	Бар	Оның ішінде		Шопан ретінде жұмыс жасайтын әйелдер	Қажеттілік	Бар	Оның ішінде		Бақташы ретінде жұмыс жасайтын әйелдер
			1 сан ат	2 сан ат				1 сан ат	2 сан ат	
Қарағанды	6316	4335	229	283	1654	5843	4669	250	419	593
Семей	12810 (жоғары көрсеткіш)	10711	451	518	3056	5129	4536	132	380	512
Солтүстік Қазақстан	920 (төмен көрсеткіш)	748	18	61	51	7459	6642	168	466	142
Қостанай	2246	1803	67	180	238	12533 (жоғары көрсеткіш)	11038	959	1429	772
Қызылорда	4803	4550	110	287	1625	1402 (төмен көрсеткіш)	1292	28	35	418
Жалпы республика	118686	102401	2975	5339	33149	91431	79843	4054	7039	8505

Қой шаруашылығындағы маман жетіспеушілігі айқын байқалды. Жастар қой бағу ісіне үмтылмады. Аталған проблеманы сол кездегі шопанның сөзінен айқын байқаймыз: «1966-1972 жж. Қарақұмда (Ұлытау) қой бақтым. Бір қора қойға кемпір екеуміз ғана ие болдық. Алты жыл қой баққанда, алпыс жыл қой баққандай болдым. Қора аласа, таңертең шай қайнағанша мен қораның қиын оямын. Бәйбішем шай дайын болғанда шақырады. Соған дейін күніне 2-3 шанадан шығарамын. Күнде солай істеп 1 қора қойдың қиын 1 ай оямын. Бір айда сол қораның басынан аяғына дейін жеткенде, ар жақ басы қайтадан оятындай болып өсіп, қалындап тұрады. Қи оюға да, төлге де көмекші жоқ. Қой құрттап, биттейді. Тек төл уақытына ұшақпен 2 шалдан әкеледі. Кейін жастар қой бағу керек деген бастама көтерілді де, соған қойды тапсырып құтылдым. Бірақ, көпшілік қолдамады, жастар қой бағуға бармады» (Сабағанов, 2021).

Әлемдегі жастардың жергілікті жердегі өмір тіршілігімен, әсіресе мал шаруашылығы саласының айналасында қалып қоймай, ел мен жерді танып, білім алуға және басқа да қызығушылық тудырған салаларда өзін байқап көруге деген үмтылысы барлық уақыттарда және көпшілік жерде болған (Дэвис, 1990:40). Жастардың осы үмтылыстарын дұрыс және бұрыс деп есептеу де әрдайым адамзатты толғандыратын мәселе (Дэвис, 1990:86).

Ауыл шаруашылығының ең ауыр саласы шопандық пен механизаторлық болса, бригада құру,

жастарды қызықтыру немесе осы бағыт мамандарын неғұрлым көтермелеу басты назарда болды. Бастаманы жүзеге асырудағы қиындықтар туралы респондент: «Ең ауыр еңбек шопан мен механизаторда. Шопан жыл бойы демалыссыз бір отар қой соңында жүреді. Бірақ, алатын жалақысынан бөлек шамасына қарай жеке қой да ұстады. Механизатор техникада отырады десек те, тек жалақысына сүйенді. Комсомол жастар бригадасы бізде 1973 ж. құрылды. Бригадаға кеткен шығын ферма шығынынан асып кететін. Қаражат, киім барлығы да берілді. Атын шығару керек болған соң, аудан мен совхоз басшылығы қолдап көп әспеттеді. Ферма ішінде фермадай болып, совхозға пайдасы болмады. Мал басын өлтіреді, өтірік мәлімет береді. Жақсы атын шығару үшін өтірігі көп болды. Олар жеке қыстақта отыратын. Екі отар мал береді. Бір отар аналық, бір отар бойдақ. Ол да шопан секілді жоспар орындауы керек. Ол орындалмаған соң ферманың мойнына түседі. Бір отарда жазда қозысымен 1000 қой көлемінде болады. Ал, қыста аналық 600, бойдағымен қосқанда 1000 басқа жетеді. Қыстақ басына бригада үшін, бір бөлігінде кітапхана, жуынатын орыны бар жеке жатақхана салды. Жоғары жақтан келгендерге көрсететін. Жаман жағын жауып, жақсысын жылтыратып қоятын. Бригадалар 1980 ж. дейін ғана болды. Мектеп бітірген балаларды күштеп 2-3 жылға алып қалды. Оқуға түскендері де бар, бірақ, көп емес» (Аубакиров, 2021).

Ерте замандардан мал шаруашылығы жүргізілетін еуропалық және т.б. қоғамдарда да қой бағу ісін балалардың күшімен жүргізуге басымдық берілді (Бродель, 1986:86). Барлық мамандық түрлеріндегідей шопандықта да баланың әкеден немесе басқа жақын үлкен адамдардан кәсіп пен шаруашылықтың қырсырын үйренуі орын алды (Аръес, 2017:10). Кеңестік кезеңдегі өмірде ауылдық жердегі халықтың басым көпшілігі шопандықпен тікелей айналыспағандықтан, мемлекетке қажетті салаға жұмыскер және маман дайындауға шопандардың тәжірибесін пайдалану, жастарды ауыл шаруашылығына тікелей баулуда бригада құру ісі маңызды, нәтижелі әдістердің бірі ретінде қарастырылды (Тәтімұв, 1990:186).

Бригададағы жастардың еңбек етуі туралы кәсіби шопанның айтқан сөздері аса құнды болып табылады: «1971 ж. Шұбартауда Морозов деген бірінші хатшы бастады қой бригадасын құруды. Ұлдардан комсомол мүшесі болған соң әскерге бармай, шопандыққа қалғандары болды. Қыз балалар қойды қалай бағады, өлтіріп алады, төл алынбады. Ол туралы ешкім айтпады. 2 жылдай ғана жұмыс жасап, көп адам қарсылық білдіргісі келді. Олар үшін ескі қыстақтардың маңайынан жаңа қыстақтарды салдырып, еркек тоқтыларды бөлек бақтырды. Шопан соның бригадирі, яғни тәлімгер болып, райком мен партиядан қорыққан соң жасады. Совхоз директорлары ішінара қарсы болып жүрді. Қойды бақпайды, қыз бала қайтсін өзі тоңып тұрады, далаға апарып иіріп қояды, таңертең ұйқысы қанбай тұрмайды, ұлдар темекі тартады, түнде атқа мініп қыдыруға кетіп қалады» (Блялов, 2021).

Малшының, әсіресе жас адамның жайлы мезгілде малды тапсырып жүре беруі көпшілік қоғамдарда әртүрлі уақыттарда кездеседі (Бродель, 1986:146). Бұл бірқалыпты өмір ағынынан шығып, сергудің бір амалы еді.

Комсомол-жастар бригадасын құрудағы басты қызығушылық тудырған мәселе білім алуға жолдаманың берілуі еді. Бірақ, жолдама жаппай берілмеді және әркімнің қолы жетпеді. Бұл мүмкін емес еді және негізінен жастарды салада алып қалу көзделді.

Жолдама беруде арнайы бағыттар таңдалғаны және жолдамамен білім алған жастардың болашақта шаруашылыққа қызмет етуі қарастырылғаны жайлы: «Комсомол бригадасына мектеп бітіргендер барды. 15 бала бір қыстақта 2 жыл жұмыс істеді. Оқуға берілген жолдаманың таңдауы бар. Жолдамалар негізінен ауыл шаруашылығы мамандығына және кіші медицина қызметкеріне берілді. Оны қаламағандарға берілмеді. Бригада жабылған соң да совхоз өзіне қажет мамандарды жолдамамен оқуға түсірді. Сонымен қатар, басқа да мамандықтарға жолдамалар берілсе, баланың ата-анасы міндетті түрде совхозда жұмыс жасауы керек болды» (Муканов, 2021).

Білім беру жолдамасын берудегі кемшіліктер туралы респондент: «Менің 1968 ж. туған қызым 1985 ж. бригадаға 10 баламен бірге барды. Өзім сол жерге төл алуға бардым. Қызым жақсы жұмыскер болған соң совхоз парторгы келіп, мені шақырды. Сөйтсе менің баламды партияға өткізейін деп жатыр екен. Қарсы емеспін бала өзі айтсын дедім. Бала келіспеді. 2 жыл істеген соң, жолдамасыз барып Алматыға оқуға түсті. Бригадада бірге болғандардың көпшілігі солай жасады. Қой бригадасында істеген жастарға оқуға түсуде жеңілдік болмады. Оқуға жеңілдікпен жіберу туралы бізге айтпады» (Искакова, 2021).

Мал шаруашылығы, әсіресе қой өсіру барлық замандарда және қоғамдарда экономика тіректерінің бірі және ауыл шаруашылығының басты бағыттарының бірі болып есептелді (Бродель, 1986:172). Сондықтан салаға жұмыскер табу ісі кеңестік шаруашылық жүйесінде де құрбандықтар арқылы жүзеге асырылды.

Саланы маманмен қамтамасыз етуде қиындықтары шешіле бастағанда бригада құру ісі де тоқтай бастады: «Сауыншылыққа, қой бағуға бригадаға жіберді жастарды. Біздің жақта 1966 ж. алғаш рет мектеп бітірген қыздарды сауыншылыққа жіберді. 1983 ж. совхоз директоры ретінде қызметімді бастағанда бригада тарай бастады. Өзім де жұмыс күші жеткілікті болған соң, балаларды қинамайық деп шештім. Ата-аналары балаларды боққа салып қоясындар ма деп айтатын. Оны біз басшылыққа айта алмадық, басымызға бәле болатын. Партияның саясаты солай» (Тәтімұбетов, 2021).

Қорытынды. Ауылдық күнделікті өмірде еңбек жағдайы ауыр болғандықтан салада маман тапшылығы әрдайым байқалған. Бұл мәселе бүгінгі күнде де өзекті. Кеңестік кезеңде ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің санын толықтыру үшін жастарды комсомол-жастар бригадасы қатарына тарту жүргізілді. Орталық Қазақстан бойынша бұл шара барлық категорияларда белсенді жүргізілді. Мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығы негізгі бағыт болған 1-ші категория және негізгі бағыттардың бірі болып саналған 2-4 категорияларда шопандардың, сауыншылардың және механизаторлардың бригадасы көп көлемде құрылды. Білім алуға жолдама беру туралы уәде болғанымен, негізгі мақсат салаға жастарды алып қалу арқылы жұмыскерлер мен мамандар қатарын толықтыру еді. Жалпы саладағы маман жетіспеушілігі республика бойынша байқалғанын статистикалық мәліметтер дәлелдейді.

Адамзатқа ортақ және барлық уақыттарда өзекті мәселе бойынша зерттеуіміздің нәтижелерін тұжырымдамалар түрінде ұсынсақ:

1. Комсомол-жастар бригадасына жұмылдырылған жастарға білім алу жолдамасы жайлы берілген уәде түрлі ішкі-сыртқы себептер әсерінен орындалмады, бұл ұсақ қорғаншылықтың (мелочная опека) айқын көрінісі еді.

2. Бригадалар құрудың басты мақсаты ауыл шаруашылығын жұмыскермен қамтамасыз ету және саладағы жастардың санын арттыру.

3. Бригада құру ауыл шаруашылығының барлық түрлері мен бағыттарында жүзеге асты, бірақ басымдық берілген салалар мен аудандар болды.

4. Бригада құру негізінен қой шаруашылығында басымдықты құрады және 1-ші категория аудандарында жүргізілді. 2-4 категорияларда бұл процесс ауыл шаруашылығының мамандануына сәйкес салыстырмалы түрде төмен деңгейде жүргізілді.

5. 2-6 категорияларда ауыл шаруашылығының мамандануына сәйкес және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің шешілу деңгейіне сай жастардың ауылдан кетуі төмен болғандықтан, бригадалар құруға қажеттілік аса жоғары болмады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Абдуллин В.А. Организация труда и быта на овцеводческих комплексах. Алма-Ата: Кайнар, 1980. 125 с.
- Абылхожин Ж.Б. Постсталинский период в истории Советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953-1991 гг.). Алматы: КБТУ, 2019. 468 с.
- Аубакиров Б. Т.ж.: 01.05.1936., жазба уақыты: 12.04.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Ақтоғай ауданы.
- Багдасарян С.Д. Быт, труд и семья крестьян эпохи нэпа: историческая повседневность южно-российской деревни в 1920-е годы. Новочеркасск: Лик, 2015. 312 с.
- Безгин В.Б. Крестьянская повседневность (традиции конца XIX – начала XX века). Тамбов: Изд-во Тамб. гос. тех. ун-та. 2004. 304 с.
- Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV - XVIII вв. Т.1.: Структуры повседневности: возможное и невозможное. Пер. с фр. Л.Е. Куббеля. Москва: Прогресс, 1986. 622 с.
- Блялов С. Т.ж.: 12.12.1937., жазба уақыты: 04.04.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- Дэвис Н.З. Возвращение Мартена Герра. Пер. с англ. Л.А. Величанского. Москва: Прогресс, 1990. 208 с.
- Еспаев С.С. Повышение эффективности труда в овцеводстве. Алма-Ата: Кайнар, 1987. 125 с.
- История частной жизни. Том 5. От I Мировой войны до конца XX века под общей редакцией Филиппа Арьеса и Жоржа Дюби. Москва: Новое лит. обозрение, 2017. 676 с.
- Искакова Файза. Т.ж.: 29.05.1945., жазба уақыты: 26.04.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- Котов Г.Г. Экономические и социальные проблемы села на современном этапе. Москва: Колос, 1979. 255 с.
- Корикбаев Х.А. Т.ж.: 15.04.1948, жазба уақыты: 26.01.2022., орны: Қарағанды қ. 1964-1985 жж. тұрды: Шет ауданы.
- Кучкина Л.П. Сельскохозяйственные рабочие СССР в 1960-1970-х годах: Количественные и качественные изменения. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Москва. 1974. 177 с.
- Кривопалова А.П. Т.ж.: 7.03.1947., жазба уақыты: 03.02.2022., орны: Ботақара с., 1964-1985 жж. тұрды: Ульянов ауданы.
- Ле Руа Ладюри Э. Монтайю, окситанская деревня (1294-1324). Пер. с фр. В.А. Бабинцева и Я.Ю. Старцева. Екатеринбург: Изд-во Ур. ун-та, 2001. 541 с.
- Муканов Т.О. Т.ж.: 01.10.1946., жазба уақыты: 26.12.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Ақтоғай ауданы.
- Омарова М.А. Т.ж.: 11.11.1946., жазба уақыты: 15.05.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды:

Қарқаралы ауданы.

Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМЭСТА). 591-к., 1-т., 169-іс., 162-163-п.

Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (РФМА). 5465-к., 26-т., 4805-іс., 42-43-п.

Ресей Мемлекеттік Экономика архиві (РМЭА). 7486-к., 25-т., 473-іс., 129-130-п.

РМЭА. 7486-к., 18-т., 1673-іс., 385, 389, 410, 411, 412, 413, 414 пп.

Сағатова Г. Т.ж.: 01.02.1953., жазба уақыты: 06.04.2021., орны: Қарағанды к., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.

Сабағанов Т. Т.ж.: 01.09.1936., жазба уақыты: 6.12.2021., орны: Ұлытау с., 1964-1985 жж. тұрды: Ұлытау ауданы.

Тәтімұмов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. Алматы: Қайнар, 1990. 240 б.

Тәттімбетов С.М. Т.ж.: 12.06.1947., жазба уақыты: 13.04.2021., орны: Қарағанды к., 1964-1985 жж. тұрды: Қарқаралы ауданы.

Толкенова Р.С. Т.ж.: 30.08.1958., жазба уақыты: 03.02.2022., орны: Қарағанды к., 1964-1985 жж. тұрды: Нұра ауданы.

Хасянов О.Р. Повседневная жизнь советского крестьянства периода позднего сталинизма, 1945-1953 гг.: на материалах Куйбышевской и Ульяновской областей. Москва: РОССПЭН, 2018. 358 с.

Щеглова Т.К. Деревня и крестьянство Алтайского края в XX веке. Устная история. Барнаул: БГПУ, 2008. 526 с.

Saktaganova Z.G. Women's labor and everyday life in the great patriotic war years//Opciyn, Aco 36, Especial No. 27(2020). — P. 1168-1183.

References

Abdullin V.A. Organizatsiia truda i byta na ovtsevodcheskikh kompleksakh. [Organization of labor and life at sheep-breeding complexes]. Alma-Ata: Kainar, 1980. 125 s. [in Russian]

Abylkhozhin Zh.B. Poststalinskii period v istorii Sovetskogo Kazakhstana: chereda obrechennykh reform i nesostoiavshikh deklaratsii (1953-1991 gg.). [The post-Stalinist period in the History of Soviet Kazakhstan: a series of doomed reforms and failed declarations (1953-1991)]. Алматы: КБТУ, 2019. 468 s. [in Russian]

Aubakirov B. T.zh.: 01.05.1936., zhazba uakyty: 12.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Aktogai audany. [in Kazakh]

Bagdasarian, S.D. Byt, trud i semia krestian epokhi nepa: istoricheskaia povsednevnost iuzhno-rossiiskoi derevni v 1920-e gody. [The life, work and family of peasants of the NEP era: the historical everyday life of the South Russian village in the 1920s]. Novocherkassk: Lik, 2015. 312 s. [in Russian]

Bezgin V.B. Krestianskaia povsednevnost (traditsii kontsa XIX – nachala XX veka). [Peasant everyday life (traditions of the late XIX – early XX century)]. Tambov: Izd-vo Tamb. gos. tekhn. un-ta. 2004. 304 s. [in Russian]

Brodel, F. Materialnaia tsivilizatsiia, ekonomika i kapitalizm, XV - XVIII vv. T.1.: Struktury povsednevnosti: vozmozhnoe i nevozmozhnoe Per. s fr. L.E. Kubbelia. [Material civilization, economy and capitalism, XV - XVIII centuries. Vol. 1.: Structures of everyday life: possible and impossible. Trans. from the French L.E. Kubbel.]. Moskva: Progress, 1986. 622 s. [in Russian]

Bliailov S. T.zh.: 12.12.1937., zhazba uakyty: 04.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany. [in Kazakh]

Devis N.Z. Vozvrashchenie Martena Gerra. Per. s angl. L.A. Velichanskogo. [The Return of Martin Herr. Translated from the English by L.A. Velichansky]. Moskva: Progress, 1990. 208 s. [in Russian]

Espaev S.S. Povyshenie effektivnosti truda v ovtsevodstve. [Increase of labor efficiency in sheep breeding.]. Alma-Ata: Kainar, 1987. 125 s. [in Russian]

Khasianov O.R. Povsednevnaia zhizn sovetskogo krestianstva perioda pozdnego stalinizma, 1945-1953 gg.: na materialakh Kuibyshevskoi i Ulianovskoi oblastei. [The daily life of the Soviet peasantry of the late Stalinism period, 1945-1953: based on the materials of the Kuibyshev and Ulyanovsk regions]. Moskva: ROSSPEN, 2018. 358 s. [in Russian]

Istoriia chastnoi zhizni. Tom 5. Ot I Mirovoi voyny do kontsa XX veka pod obshei redakciei Filippa Aresa i Zhorzha Diubi. [The history of private life. Volume 5. From World War I to the end of the XX century under the general editorship of Philippe Aries and Georges Duby]. Moskva: Novoe lit. obozrenie, 2017. 676 s. [in Russian]

Iskakova Fajza. T.zh.: 29.05.1945., zhazba uakyty: 26.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany. [in Kazakh]

Kotov G.G. Ekonomicheskie i sotsialnye problemy sela na sovremennom etape. [Economic and social problems of the village at the present stage]. Moskva: Kolos, 1979. 255 s. [in Russian]

Korikbaev H.A. T.zh.: 15.04.1948, zhazba uakyty: 26.01.2022., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Shet audany. [in Kazakh]

Kuchkina L.P. Selskokhoziaistvennyye rabochie SSSR v 1960-1970-kh godakh: Kolichestvennyye i kachestvennyye izmeneniia. Dissertatsiia na soiskanie uchenoi stepeni kandidata istoricheskikh nauk. [Agricultural workers of the USSR in the 1960s and 1970s: Quantitative and qualitative changes. Dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences]. Moskva. 1974. 177 s. [in Russian]

Krivopalova A.P. T.zh.: 7.03.1947., zhazba uakyty: 03.02.2022., orny: Botakara s., 1964-1985 zhzh. turdy:

Uliyanov audany. [in Russian]

Le Rua Ladiuri E. Montaiiu, oksitanskaia derevnia (1294-1324). Per. s fr. V.A. Babintseva i Ia.Iu. Startseva. [Montayu, Occitan village (1294-1324). Translated from the French by V.A. Babintseva and Ya.Yu. Startseva.]. Ekaterinburg: Izd-vo Ur. un-ta, 2001. 541 s. [in Russian]

Mukanov T.O. T.zh.: 01.10.1946., zhazba uakyty: 26.12.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Aktogai audany. [in Kazakh]

Omarova M.A. T.zh.: 11.11.1946., zhazba uakyty: 15.05.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany. [in Kazakh]

Russian State Archive of Socio-Political History (RSASPH). 591-q., 1-t., 169-is., 162-163-p. [in Russian]

Russian State Archive of Economics (RSAE). 7486-q., 25-t., 473-is., 129-130-p. [in Russian]

Russian State Archive of Economics (RSAE). 7486-q., 18-t., 1673-is., 385, 389, 410, 411, 412, 413, 414 pp. [in Russian]

Saktaganova Z.G. Women's labor and everyday life in the great patriotic war years//Opciyn, Aco 36, Especial No. 27(2020). — R. 1168-1183. [in English]

Sagatova G. T.zh.: 01.02. 1953., zhazba uakyty: 06.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany. [in Kazakh]

Sabaganov T. T.zh.: 01.09.1936., zhazba uakyty: 6.12.2021., orny: Ulytau s., 1964-1985 zhzh. turdy: Ulytau audany. [in Kazakh]

Shcheglova T.K. Derevnia i krestianstvo Altaiskogo kraia v XX veke. Ustnaia istoriia. [The village and the peasantry of the Altai Territory in the XX century. Oral history.]. Barnaul: BGPU, 2008. 526 s. [in Russian]

State Archive of the Russian Federation (SARF). 5465-q., 26-t., 4805-is., 42-43-p. [in Russian]

Tatimov M. Auyldagy demografiialyk ahual. [Demographic situation in the village]. Almaty: Kainar, 1990. 240 b. [in Kazakh]

Tattimbetov S.M. T.zh.: 12.06.1947., zhazba uakyty: 13.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany. [in Kazakh]

Tolkenova R.S. T.zh.: 30.08.1958., zhazba uakyty: 03.02.2022., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Nura audany. [in Kazakh]

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_155

АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

Борбасов Сайын Молдағалиевич^{1*}ID

¹Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*Автор-корреспондент

E-mail: Borbasov54@mail.ru

Түйіндеме. Желтоқсан көтерілісі кеңестік тоталитарлық жүйеге, империялық коммунистік идеологияға соққы берген 80-ші жылдардағы алғашқы ірі қарсылық болды. Қазақ жастарының аса батыл әрекеті Кеңес Одағының басқа халықтарының ұлттық санасының оянуына айтарлықтай ықпал етті, Кеңес халықтарының ұлттық тәуелсіздігіне жол ашты. Қазақ халқы тек тәуелсіз мемлекет болу ғана оның ұлттық мақсат-мұраттарының орындалуына қол жеткізетіндігін түсінді. Көтеріліске қатысқан жастардың ерлік істері, батырлығы мен тұрақтылығы бүкіл Республика халқына үлгі-өнеге болды. Желтоқсандықтардың ешқайсы өздерінің алаңға шығып, арнайы дайындықтан өткен жазалаушы әскерилермен, қауіпсіздік органдары қызметкерлерімен қарсыласқандарына өкініш білдіріп, биліктен кешірім өтінбеді.

Желтоқсан көтерілісі шындығы әлемдік қауымдастыққа жетті. Әлем жұртшылығы КОКП басшылығының зорлықшыл, репрессиялық саясатын бірауыздан айыптады. Қазақ жастарының ұлттық құндылықтар жолындағы күресін қуаттады. Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ халқының ұлттық және этносаяси бірегейлену үдерісі күшейе түсті. Автохтонды қазақ халқының тілін, тарихын, гуманистік дәстүрлері мен рухани құндылықтарын дамыту шаралары өрістеді. Сонымен қатар, поликонфессионалды, полиэтникалық Қазақстан қоғамында ұлтаралық араздық күшейген жоқ. Ел халқының дәстүрлі өзара түсіністігі мен татулығы сақталды. Сол жылдарда республика халқының 40 пайызын құрап отырған қазақ ұлтының рухани талаптарына елде тұратын орыс, украин, неміс, өзбек, ұйғыр халықтарының диаспорлары түсіністікпен қарады. Желтоқсан көтерілісі Қазақстанның егемен мемлекет болуына әлеуметтік-рухани алғышарт жасады.

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтенов Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусағалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Төлентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШУІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239